

П 2005

1198к



Оразақын  
Асқар

ЖЕТІЖИЛДІК



Оразақын  
Асқар

# Жеткіншек



Балалар  
ДЕБИЕТІ

Алматы  
2005

ББК 84 ҚАЗ 7  
А 88

*Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат  
және мұрағат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шығарылып отыр*

**Оразақын Асқар.**

**А 88 Жеткіншек.** *(Өлеңдер мен аңыз, ертегі,  
жаңылтпаш, жумбақ, ойын, метаграммалар).*  
Алматы: “Балалар әдебиеті” баспасы, 2005 ж.  
— 112 бет.

ISBN 9965-650-37-3

*Ақын Оразақын Асқардың балаларға арналған өлеңдері,  
аңыз, ертегі, бірнеше бөлімге бөлініп беріліп отыр.*

О  $\frac{4803250200}{00 (05) - 05}$

ББК 84 ҚАЗ 7

ISBN 9965-650-37-3


© Оразақын Асқар, 2005  
© “Балалар әдебиеті”  
баспасы, 2005 ж.



## Елтаңбам

Нұр шашқан күн — Шаңырақ,  
Жұлдыз — Темірқазықтай.  
Қанатты қос арғымақ —  
Бастан кешкен тарихтай.

Көмкеріліп өрнекпен  
“Қазақстан” тұр аты.  
Көп күреспен қол жеткен  
Елтаңбам — ел мұраты.



## Көк туым

Аспанымдай көк туым,  
Тудан нұрын төкті күн.  
Қанат қақтық қырандай  
Тәуелсіз ел боп бүгін.

Туда ұлттық өрнегім,  
Өнерім ғой ол менің.  
Қандай бақыт көгімнен  
Өз туымды көргенім.


## Ана тілі

Мойындап әлем танитын,  
Өзіңсің өшпес тарихым.  
Қасиетімсің ананың  
Ақ сүтімен даритын.

Болашаққа алып баратын,  
Өзіңсің ұшқыр қанатым.  
Намысым, арым, туымсың,  
Алмаған текке ана атын.

Сарқылмас асыл кенсің шын,  
Елдігіме сенсің сын.  
Бабамнан қалған бай мұра,  
Балама берер еншімсің.





## I БӨЛІМ

# ӨЛЕҢДЕР

### Қыр мен сыр

Алғашқы ерен қырың  
Иеле терең білім.  
Сай болу заманыңа  
Күтілер сенен бүгін.

Тілін біл техниканың  
Тартқандай аттың жалын.  
Болмайды онсыз жолың  
Ақпас су, жанбас шамың.

Қанатың тілің - қағар  
Тілектес көп дос табар.  
Кемінде үш-төрт тіл біл  
Әлемнен алар хабар.



Аспапты музыкалық  
Ойнай біл қолыңа алып.  
Сал, сері болмасаң да  
Құра біл ойын-сауық.

Ұйқыдан ерте тұрып,  
Ауаға шығып тұнық.  
Дағдылан жас кезіңнен  
Дененді шынықтырып.

Кітапқа құмар жаны,  
Сүйетін шығарманы.  
Оқырман болсаң әр кез  
Өміріңнің ұзарғаны.

Жоқ-барды санастырып  
Тың талғам таластырып.  
Кіршіксіз киіне біл,  
Жасыңа жарастырып.

Керегін ел де білген,  
Таусылмас кен көрінген.  
Болсын бір мамандығың  
Жан-жақты меңгерілген.

Міне, осы сегіз қырың,  
Әділдік болсын сырың,  
— Бір сырлы, сегіз қырлы  
Азамат! — дегіз, күнім.

## **Байлығың, балам, бойыңда**

Жанарың — жақұт теңі жоқ,  
Тізілген тісің — меруерт.  
Таусылмас миың қазына,  
Ақылдың онда кені көп.

Жүрегің толы сыр, сезім,  
Асылын тандар сыншы өзің.  
Айта алсаң тауып орнын,  
Алтыннан артық бір сөзің.

Көмейің төгер күй мен ән,  
Көкейге бәрін түй, балам.  
Өнерге тұғыр — он саусақ,  
Өмірге көрік сыйлаған.

Сиқырлы сандық — көңілің,  
Онда бар орман, көл, ұлым.  
Жаныңның тыңын игеріп,  
Халыққа сыйла өнімін.

Ой, қиял — үшқыр қанатың,  
Арманың — бағың жанатын.  
Байлығың, балам, бойыңда,  
Өзіңсің көзін табатын.

## **Бөбек**

Кіп-кішкентай басында  
Шашын қара, үрпиген.

Көп күш керек ашуға  
Жұдырығын бір түйген.

Тері шып-шып етеді,  
Мұрнын қара, пүштиген.  
Даусы зорға жетеді  
Ауызғы үйге, ішкі үйден.

Тыпырлайды аяғы  
Жата алмайды жай тегі.  
Тыжырынып қояды,  
Жақтырмай ма, қайтеді?

Көзінде ұшқын жылтырап,  
Кетеді ішті жылтып-ақ.  
Өс тезірек, өнер қу,  
Жұлдызға жет зырқырап.

### **Бесік жыры**

Шаршағаның сезілді,  
Ұйқың келіп тұр тіптен.  
Жаудыратпай көзінді  
Жасыршы ұзын кірпікпен.

Ойнайтын бар күн алда,  
Жұтып гүлдің хош исін.  
Көрпеңнен қол шығарма,  
Тоңса қозғап шошисың.

Мені күтіп айнала  
Тұр ғой бітпей іс толып,

Езу тартып жай ғана,  
Ұйықта жақсы түс көріп.

Жөргегінді жуайын,  
Үтіктейтін бар киім.  
Мен орнымнан тұрайын,  
Ұйықтай қойшы, әлдиім.

### **Тұсау кесушінің жыры**

Бөпеміз қаз тұрыпты,  
Алға қадам басуға.  
Тәй-тәй болып жүріпті,  
Асулардан асуға.

Тұсау кесу ептілік,  
Игі дәстүр құрметті ол.  
Мені жүйрік депті жұрт,  
Менен асқан жүрдек бол.

Ала жіпті кесіп ем,  
Майлы ішекке айналды.  
Ауыз тиіп шетінен,  
Көптің көңілі жайланды.

Тыңнан жол сал бақытқа,  
Ескі шиыр таптама.  
Ешкімнің ешуақытта  
Ала жібін аттама.

Ал, балалар, тәй-тәйлап,  
Әлдиді алға бастандар.  
Шошытпаңдар айқайлап,  
Жалғыз тастап қашпаңдар.

Сүрінгенде, сүйендер,  
Жығылғанда, тұрғызып.  
Әрқайсың бір сүйем жер  
Үйретіндер жүргізіп.

Ал, әжелер, жолына,  
Мол ғып шашу шашыңдар,  
Із қалдырсын соңына,  
Алдын кең ғып ашыңдар!

### **Қызым менің**

Қызым менің қызығым,  
Ұлдан өткен бұзығым.  
Аялаған көкеңнің,  
Бір айтқанын жүз ұғын.

Балам менің бақытым,  
Жаннан артық жақұтым.  
Әлпештеуге өзінді,  
Аямас көкең уақытын.

Тұла бойы тұңғышым,  
Айтқанын ап тынғышым.

Ұғындырған өзіңсің,  
Әкеліктің шын күшін.

\* \* \*

Қатар-қатар тізіліп,  
Ойыншыққа толды үйім.  
Ала берем қызығып,  
Болса да онда мол киім.

Қылықтарын асырды,  
Қараймыз не дейді деп,  
Аямаймыз асылды,  
Ол ұстаса мейлі деп.

Шатағына көнеміз,  
Ол жалықпас жырымыз.  
Ол жыласа көреміз,  
Бірімізден біріміз.

Мол қызыққа батамыз,  
Сол болады сөзіміз.  
Думандатып жатамыз,  
Өзіміз бен өзіміз.

### **Ана тілі**

Ләйла жақсы біледі ана тілін,  
Өскені ол табиғи қанатының.

Автобуста, көшеде жөн сұраған  
Алғыс болды өзгеден алатыным.

Ләйланы ертіп қыдырған кезімде мен,  
Өз тілімде сөйлессе өзімменен,  
Өткен-кеткен сүйсініп, құптасады,  
Ерекше бір ризалық сезімменен.

### **Бақбақ**

Бақбаққа бай түр саз,  
Қыздар гүлін жиды.  
Өріп алтын гүлтәж,  
Бастарына киді.

Көбелектер алуан,  
— Үзбендер — деп — гүлді.  
Қыздарды асыр салған  
Айнала ұшып жүрді.

### **Күзде**

Сап-сары ала теректер,  
Сап-сары ала атырап.  
Сәл тербесе самал жел,  
Түсіп жатыр жапырақ.

Бірін алып Ләйла қыз  
Жапырақтың түскен көп,

Не дер екен десек біз,  
Көрсетіп жүр “піскен” деп.

### Алғашқы қар

Сырғанауға тым құштар,  
Балаға енді күнде іс бар.  
Ақ пердесін жайыпты,  
Түнде жауып тұңғыш қар.

Қардан жоқ еш хабары,  
Ләйла әйнектен қарады.  
Алақайлап қуанды  
Көріп аппақ даланы.

Жинайды енді баланы,  
Жасайды аққаланы.  
Шанаменен сырғанап,  
Ойнап асыр салады.

Тез шығам деп ойлаған,  
Шүбәлана қоймаған.  
Іздеп жүріп шанасын  
Тапты әрең қоймадан.

Өзі жатыр бір жерде,  
Жақтауы жоқ бұл жерде,  
Қоймас па еді дайындап,  
Қар жауарын білгенде.



Амалы жоқ көнбеуге,  
Болып жатыр енді өуре.  
Саймандарын сайлап ап  
Кірісті ондап жөндеуге.

Өткен жылғы сайыстан  
Темірлері майысқан.  
Соның бәрін түзетіп,  
Тізгін тақты қайыстан.

Бұл бір қауым іс болды  
Тез бітуі күш болды.  
Келтіргенше қалпына  
Күн жылынып түс болды.

Қарап әр бір тетікті,  
Винттерін бекітті.  
Сүйреп шықса далаға  
Қар жоқ, еріп кетіпті.

### **Қысқы бақта**

Мақтадай ақ дала қар,  
Әркімде бір шана бар.  
Домаласып, шуласып,  
Сырғанайды балалар.

Бұлар емес күлдірген,  
Көкесімен бір жүрген

Қарлы бақтан Ләйла қыз  
Терем дейді бүлдірген.

### **Көгершіннің баласы**

Терезенің алдына  
Көгершінге шаштық жем.  
Біздің Ләйла барды да  
Қуды оларды шетінен.

Сұрап едік шақырып:  
— Тиісесің несін? — деп  
Айтты Ләйла ақырын:  
— Балалары жесін, — деп.

Тағы үркітті, қарашы,  
— Қой! — десек бір болмайды.  
— Қайсы? — десек, — баласы?  
Көрсетеді торғайды.

### **Туған күн**

Мамасынан бүгін кеп,  
Сұрады Ләйла күлімдеп.  
— Көп-көп сыйлық алатын,  
Қашан туған күнім, — деп.

— Жоқ па, ол күн есінде,  
Ақпанның дәл бесінде.

Жасың беске толады,  
Той тойлаймыз кешінде.

Қарап алды-артына,  
Деп сұрады, сәл тына:  
— Ал, ақпанда алтыншы,  
Толамын ба алтыға?

### **Әлди, әлди, Ажарым**

Әлди, әлди, Ажарым,  
Тарқамайтын базарым,  
Сені ойнатсам айтатын  
Болмас әсте аз әнім.

Әлди, әлди, Ажарым,  
Арнап өлең жазамын.  
Алыста: сенсің ойымда  
Жақында: сенде назарым.

Әлди, әлди, Ажарым,  
Сүйкімді, сұлу — ғажабым.  
Еркелеп ержет ертерек  
Ортасында үш ағаның.

Әлди, әлди, Ажарым,  
Гүлім, күнім, ғазалім.  
Өзіңнен, ата-анаң мен  
Көп үміт күтер қазағың.

## “Балдырғанмен” табысу

Ләйла тентек,  
Ұйықтасын деп,  
          Жүріп алмай, ертерек.  
Бір күні кеп  
Айттым ертеқ,  
          Өз-өзімнен мен кенет.  
Бірден құлап,  
Салды құлақ,  
          Бұл жаңалық қалды ұнап,  
Алды сұрап  
Барлығын-ақ  
          Білгенімнің сол күні-ақ.

Алдым қолға  
Қайта сонда  
          “Қазақ ертегілерін”,  
Томнан томға  
Ауысты ол да,  
          Келді бітер міне күн.

Оңды-солды  
Создым қолды  
          Халықтарға бауырлас,  
Ертеқ енді,  
Уақыт келді,  
          Олардан да табылмас.

Алып келдім,  
Оқып бердім  
Ертектерін шетелдің,  
— Бәрі бітті,  
Десем тіпті  
Ләйла көнбес, не етермін.

Қайталасам  
Әлдеқашан  
Айтқанымның біреуін;  
— Мұны білем  
Айтқансың сен  
Ұмыттың ба түнеу күн, —  
Дейді Ләйла,  
Таусылды айла,  
Қайдан табам жаңасын.  
Қалмады ертек,  
Шықтым зерттеп  
Қала кітапханасын.

— Тағы да ертек  
Тыңдаймын — деп  
Асыр сап жүр қуанып,  
Жоқ ештеңе,  
Айтамын не?  
Мазалап түр сұранып.  
Амалсыздан  
Өз ойымнан  
Айттым ертек шығарып.

— Созба текке, —  
Дейді, — ертекке  
    Ұқсамайды бұл анық.  
— Саспа, — деді, —  
Баста мені!..  
    Шыға келіп алдымнан,  
Жалт қарадым  
Тани қалдым,  
    Өзіміздің “Балдырған”.  
Өлең де бар,  
Өнер де бар,  
    Ертек те бар не түрлі,  
Міне, журнал  
Енді қолға ал,  
    Болар досың секілді.  
Ашсаң әр бет  
Толған сурет,  
    Тұрған бәрі тізіліп,  
Оқып бердім  
Біреп бетін,  
    Тыңдап қапты қызығып.  
Өте ұнап,  
Қойды сұрақ:  
    — Қалмай ма, деп, бұл бітіп?  
Балдырғаным,  
“Балдырғаның”  
    Жаңа санын жүр күтіп.

## Аквариум

Үйде ұстап аквариум,  
Балықтарды баптадым.  
Анықтадым бар түрін,  
Есімдерін жаттадым.

Су тұндырып неше күн.  
Астына құм төседім.  
Білдім судың ішіне  
Қандай шөптің өсерін.

Жылы боп бір қалыпта,  
Керек екен жарық та.  
Сумен бірге ауа да  
Қажет екен балыққа.

Білдім ата мекенін,  
Жемінің не екенін.  
Теңіз түбін зерттеген  
Ғалымға ұқсап кетемін.

## Сүркөжек

Мен кішкентай көжекпін,  
Қорқақ емес, өжетпін.  
Маған зорға тиген-ай,  
Үлкендерден кезектің.

Менмін нағыз сүркөжек,  
Тыңдаңыздар бір мезет.

Тұрмын сыйлық алғалы,  
Ортаңызда — тіл безеп.

### **Толдым оқу жасына**

Көп жыл күтіп асыға,  
Толдым оқу жасына.  
Келдім мектеп алдына,  
Мұғалімнің қасына.

Толған кітап, дәптерге,  
Ие болдым портфельге.  
Қызықтырмас ойыншық,  
Алдағы енді сәттерде.

Үстімде бар формам да,  
Жеттім-ау бір арманға.  
Болам нағыз оқушы,  
Қолға қалам алғанда.

Ұқтым қоңырау үніңді,  
Алам ұстаз тілінді.  
Оқып, оқып және оқып,  
Адам болам білімді.

### **Қоңырау сөзі**

Күміс көмей, жезтаңдай,  
Үні ашық деп мені.  
Таңдап жаршы қойғандай,  
Жер жүзінің мектебі.